



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына,  
«Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелеріне  
(Е. Саиров, Б. Әбдіғалиұлы, Н. Ожаев,  
Е. Жаңбыршин, А. Сарым)**

*2021 жылғы 1 қыркүйектегі  
№ ДЗ-238*

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің отандық спортты дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет тарапынан спорттың дамуына зор көңіл бөлінеді, соның ішінде бұқаралық спорт пен балалар спортына басымдық беріліп отыр.

«Саламатты ұлт» ұлттық жобасында (бұдан әрі – ұлттық жоба) спортты дамыту бағыты қарастырылған. Ұлттық жобаға сәйкес 2025 жылдың соңына дейін дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесін 50 %-ға (2020 жылы – 31,6 %) дейін арттыру және 1000 адамға шаққанда спорт нысандарының санын 53 бірлікке (2020 жылы – 46 бірлік) жеткізу жоспарланып отыр. Бұл міндетті орындау үшін белсенді жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі таңда елімізде 132 мың спорт секциялары жұмыс жасайды, оның ішінде 2020 жылғы қыркүйектен бері 5 мың жаңа спорт секциялары ашылды. Биылғы жылы 4-17 жас аралығындағы балалар үшін мемлекеттік спорттық тапсырыс (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) іске қосылды. Қазіргі таңда мемлекеттік тапсырыспен 79 мың бала қамтылған. Бұл тетік әрбір балаға тегін негізде спорт секцияларына қатысуға мүмкіндік береді. 2023 жылы мемлекеттік тапсырыспен 189 мың баланы қамту жоспарланған.

Осы жылы Елбасының тапсырмасымен республика бойынша 100 дене сауықтыру кешендерінің құрылысы толығымен аяқталады. Бұл шағын қалалар мен ауылдардың тұрғындарына спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасайды.

Бұқаралық спорттың дамуына жаңа серпін беру үшін Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған

кешенді жоспар (бұдан әрі – кешенді жоспар) қабылданды. Кешенді жоспарда мектеп, студенттік лигаларды құру, өндірістік гимнастиканы енгізу, білім беру ұйымдарында спорт секцияларын ұйымдастыру және т.б. шаралар қарастырылған.

Биылғы жылдың аяғына дейін кешенді жоспар ұлттық жобада қарастырылған мақсатты көрсеткіштерге сәйкес өзектендіріледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бұқаралық спортқа 16 млрд теңге қайта бағдарланды. Футбол мен шайбалы хоккейге 1,2 млрд теңге көлемінде, ал басқа ойын спорт түрлеріне 450 млн теңге көлемінде кәсіби спорт клубтарын бюджет есебінен қаржыландыру лимиттері бекітілді. Жергілікті атқарушы органдар бекітілген лимиттерді қатаң сақтауда. Мұндай шара өңірлердің бұқаралық спортқа басымдық беруін ынтыландыруда.

Сіздер көтеріп отырған мәселелер бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы егжей-тегжейлі ақпарат қоса беріліп отыр.

Жалпы депутаттық сауалда айтылған ұсыныстар спорт саласын дамыту бойынша жұмыста ескерілетін болады.

Қосымша: 3 п.

**Е. Тоғжанов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
членам фракции партии  
«Nur Otan»

На № ДЗ-238  
от 1 сентября 2021 года

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно поддержки отечественного спорта, сообщаю следующее.

Государство уделяет большое внимание сфере спорта. Особое значение придается поддержке массового и детского спорта.

В национальном проекте «Здоровая нация» (далее – национальный проект) предусмотрено направление по развитию спорта. Согласно национальному проекту до конца 2025 года планируется увеличить долю граждан, занимающихся физкультурой и спортом до 50 % (в 2020 году – 31,6 %) и довести показатель количество спортивных объектов на 1000 человек до 53 (в 2020 году – 46). Для выполнения этой задачи ведется активная работа

На сегодняшний день в стране функционируют 132 тыс. спортивных секций, в том числе в период с сентября 2020 года открыто более 5 тысячи новых секций. В этом году запущен механизм государственного спортивного заказа (далее – госзаказ) для детей возрастом от 4-17 лет. На сегодняшний день госзаказом охвачено 79 тысячи детей. Этот механизм позволяет каждому ребенку бесплатно посещать спортивные секций. В 2023 году госзаказом планируется охватить 189 тысяч детей.

В этом году по поручению Елбасы полностью завершится строительство 100 физкультурно-оздоровительных комплексов. Это создаст благоприятные условия для занятия спортом жителям малых городов и сел.

Для придания нового импульса развитию массового спорта принят Комплексный план по развитию физической культуры и массового спорта на 2020 – 2025 годы (далее – Комплексный план). В Комплексном плане предусмотрены меры по созданию школьных и студенческих лиг, внедрению

производственной гимнастики, организации спортивных секций в организациях образования и т.д.

До конца этого года Комплексный план будет актуализирован в соответствии с целевыми показателями национального проекта.

По поручению Главы государства на поддержку массового спорта переориентированы 16 млрд тенге. Установлены лимиты финансирования профессиональных спортивных клубов на уровне 1,2 млрд тенге для футбола и хоккея с шайбой, 450 млн тенге для остальных игровых видов спорта. Местные исполнительные органы строго соблюдают установленные лимиты. Такая мера стимулирует регионы развивать массовый спорт.

Более подробная информация о проводимой работе по поднимаяемым вами вопросам прилагается.

В целом, изложенные в депутатском запросе предложения, будут учтены в работе по развитию сферы спорта.

Приложение: на 3 л.

**Е. Тугжанов**

*Исполнитель: А. Турганбаев, 745674*

***Щучинск қаласындағы Шаңғы спортының ұлттық орталығына қатысты***

Щучинск қаласындағы Ұлттық шаңғы спорты орталығы (бұдан әрі – орталық) 2018 жылдан бастап жұмыс істейді және Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі-МСМ) теңгерімінде.

Бұл бірегей спорттық ғимарат шаңғыдан ұлттық құрама командаларды дайындауға арналған база болып табылады.

***Анықтама үшін:*** орталық шаңғышылар үшін жыл бойы жаттығулар мен жарыстар өткізуге бейімделген. Осы мақсатта орталықта биіктігі 90 м және 125 м олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін екі трамплині, ұзындығы 11 км шаңғы-биатлон трассасы, ұзындығы 7 км асфальт төселген шаңғы-роллер трассасы және жыл бойы шаңғы жаттығуларына арналған арнайы жасанды жабыны бар жаттығу шеңбері қарастырылған.

*Орталықта медициналық кешен, қонақ үй, жаттығу залы және бассейн бар. Нысанның жалпы көлемі-125 га.*

Орталықтың трамплиндері мен трассалары Халықаралық шаңғы спорты федерациясы мен Халықаралық биатлоншылар одағымен ең жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізу үшін сертификатталған.

Ашылған сәттен бастап Орталық шаңғы, биатлон, трамплиннен секіру бойынша 15 халықаралық жарысты, оның ішінде биатлоннан Азия чемпионатын және трамплиннен шаңғымен секіру бойынша Әлем кубогының кезеңін өткізді.

Орталық жас спортшылардың дамуына мүмкіндік береді. Орталық түлектерінің бірі С.Ткаченко (1999 ж. т.) Қазақстан тарихында алғаш рет 2019 жылы Финляндияда өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алды. Сол жылы Қазақстан ұлттық құрама командасының мүшелері Ресейдегі «Азия балалары» бірінші халықаралық спорт ойындарында жоғары нәтижелерге қол жеткізді: В.Шишкина (2003 ж. т.) және Д.Васильев (2004 ж. т.) өз жарыстарында жеңіске жетті.

***Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне қатысты***

Спорт резервін даярлау мемлекеттің спорт саласындағы негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда елімізде 477 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі (бұдан әрі – БЖСМ) жұмыс істейді, онда 368 мыңға жуық балалар мен жасөспірімдер айналысады. 2018 жылдан бастап елімізде 18 жаңа БЖСМ ашылды.

2020 жылы БЖСМ желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтері бекітілді. Нормативтер БЖСМ-дердің өңірлер бөлінісіндегі диспропорциясын түзету мақсатында қабылданды. Спорт резервін дайындаудың проблемалық мәселелері Үкімет деңгейінде бірнеше рет талқыланды. Талқылау қорытындысы бойынша келесі шешімдер қабылданды.

Біріншіден, спорт мектептерін дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау бөлігінде уәкілетті органның құзыретін заңды түрде кеңейту.

МСМ әзірлеп жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасында (бұдан әрі – Заң жобасы) тиісті нормалар көзделетін болады.

Екіншіден, өңірлерде БЖСМ оңтайландыруды тоқтата тұру.

Үшіншіден, БЖСМ желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативінің орындалуына мониторинг жүргізу.

Аталған шаралар спорт резервін даярлау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

### ***Бұқаралық спортты дамытуға және кәсіби клубтарға шығындарды қысқартуға қатысты***

Мемлекет бұқаралық спортты дамытуға көп көңіл бөледі. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында осы жылдың ақпан айында Үкімет кәсіби спорт клубтарын жыл сайынғы қаржыландыру лимиттерін футбол мен шайбалы хоккей үшін 1,2 млрд теңге, қалған ойын спорт түрлері үшін 450 млн теңге деңгейінде бекітті.

Сондай-ақ, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын кәсіби ойын клубтарының спортшыларына жылына 2 млн теңгеден аспайтын жалақы лимиті белгіленген.

Нәтижесінде кәсіби клубтарды қамтасыз етуге арналған бюджет шығындары 16 млрд теңгеге қысқарды, олар бұқаралық спортты қолдауға қайта бағытталды. Үнемделген қаражаттың бір бөлігі мемлекеттік спорттық тапсырысты (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) енгізу үшін пайдаланылды. Мемлекеттік тапсырыс жеке меншік өнім берушілерді тарту есебінен балалар спорт секцияларының тапшылығын жоюға бағытталған. Сабақтың құнын мемлекет толығымен өтейді. Бұл тетік әрбір балаға тегін негізде спорт секцияларына қатысуға мүмкіндік береді.

Өтінімдерді қабылдау, секцияға қабылдау, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу және өнім берушілерді тіркеу [artsport.edu.kz](http://artsport.edu.kz) порталы арқылы онлайн жүргізіледі. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік тапсырыс операторлары болып табылады, жалпы үйлестіру және әдіснамалық қамтамасыз ету МСМ-ге жүктелген.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыспен 4-17 жас аралығындағы 79 мың бала қамтылған. Әкімдіктердің алдына жергілікті бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік тапсырыспен қамтуды кезең-кезеңімен ұлғайту міндеті қойылды.

2020 жылмен салыстырғанда «Астана» кәсіби спорт клубының: командаларын («Астана» ФК, «Астана» БК, «Барыс» ХК, «Astana Premier Tech» велокомандасы) қаржыландыру 4,4 млрд теңгеге қысқартылды.

Жергілікті спорт кадрларын дамыту мақсатында ұлттық футбол және хоккей лигаларында легионерлерге лимиттер қолданылады.

2021 жылға арналған премьер-лига клубтары арасындағы футболдан Қазақстан чемпионатының регламентіне сәйкес әр команданың құрамында бір мезгілде 6-дан аспайтын шетелдік ойыншы (*ЕАЭО-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда*) алаңда бола алады.

Хоккейден 2021/2022 жылғы маусымның Қазақстан чемпионаты регламентінің негізінде матчқа 2 қақпашы мен 20 алаңдық ойыншы өтінім берген кезде 11 легионер өтінім беруі тиіс.

2021 жылдың екінші тоқсанында республика бойынша 397 мың адамды қамтитын 8 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде ауылдық жерлерде 5 мыңнан астам іс-шаралар өткізілді.

#### ***Жаттықтырушылардың кәсіби деңгейін арттыруға қатысты***

2016 жылдан бастап спорт саласындағы ғылыми-әдістемелік және оқу жұмысын МСМ-нің ведомстволық бағынысты «Дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК (бұдан әрі – кәсіпорын) жүзеге асырады. Кәсіпорын жаттықтырушыларға, әдіскерлерге және спорт ұйымдарының басшыларына арналған біліктілікті арттыру курстарын өткізеді.

2016 – 2021 жылдары кәсіпорын 3 899 адамды қамти отырып, 80 курс ұйымдастырды. Курстар балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мамандарының біліктілігін (64 %) арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар курстарды өткізуге шетелдік сарапшылар тартылады. Сондай-ақ, ұлттық құрама командалардың бас және аға жаттықтырушылары шеберліктерін арттыру бойынша тәжірибе алмасу үшін шетелдік іссапарларға тұрақты түрде шығады.

Жалпы депутаттық сауалда айтылған ұсыныстар спорт саласын дамыту бойынша жұмыста ескерілетін болады.

---

***Касательно Национального центра лыжного спорта в г. Щучинск***

Национальный центр лыжного спорта в г. Щучинск (далее – центр) функционирует с 2018 года и находится на балансе Министерства культуры и спорта (далее – МКС).

Это уникальное спортивное сооружение является базой для подготовки национальной сборных команд по лыжам.

***Справочно:*** Центр приспособлен для проведения круглогодичных тренировок и соревнований для лыжников. Для этих целей в центре предусмотрены два трамплина олимпийского стандарта высотой 90 м и 125 м, лыжно-биатлонная трасса протяженностью 11 км, лыжероллерная трасса с асфальтовым покрытием протяженностью 7 км и тренировочный круг со специальным искусственным покрытием для круглогодичных лыжных тренировок.

*В центре также имеются медицинский комплекс, гостиница, тренажерный зал и бассейн. Общая площадь объекта - 125 га.*

Трамплины и трассы центра сертифицированы Международной федерацией лыжных видов спорта и Международным союзом биатлонистов для проведения соревнований самого высокого ранга.

С момента открытия центр принял 15 международных соревнований по лыжным гонкам, биатлону, прыжкам с трамплина, в том числе Чемпионат Азии по биатлону и этап Кубка мира по прыжкам с лыжами с трамплина.

Наличие центра дает возможность прогрессировать молодым спортсменам. Так, один из воспитанников центра С. Ткаченко (1999 г.р.) впервые в истории Казахстана завоевал бронзовую медаль на Юниорском Чемпионате мира 2019 года в Финляндии. В том же году члены национальной сборной команды Казахстана добились высоких результатов на Первых Международных спортивных играх «Дети Азии» в России: В. Шишкина (2003 г.р.) и Д. Васильев (2004 г.р.) победили в своих заездах.

***Касательно материально-технического обеспечения детско-юношеских спортивных школ***

Подготовка спортивного резерва является одной из ключевых задач государства в сфере спорта. На сегодняшний день в стране функционирует 477 детско-юношеских спортивных школ (далее – ДЮСШ), в которых занимаются около 368 тысячи детей и подростков. С 2018 года по стране открылось 18 новых ДЮСШ.

В 2020 году утверждены минимальные государственные нормативы сети ДЮСШ. Нормативы приняты в целях исправления региональной диспропорции ДЮСШ.

Проблемные вопросы подготовки спортивного резерва несколько раз обсуждались на уровне Правительства. По итогам обсуждений приняты следующие решения.

Во-первых, законодательно расширить компетенции уполномоченного органа в части контроля над деятельности местных исполнительных органов по развитию спортивных школ.



Соответствующие нормы будут предусмотрены в разрабатываемом МКС проекте Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта» (далее – проект Закона).

Во-вторых, приостановить закрытие ДЮСШ в регионах.

В-третьих, провести мониторинг исполнения минимального государственного норматива сети ДЮСШ.

Указанные меры позволят усовершенствовать систему подготовки спортивного резерва.

### ***Касательно развития массового спорта и сокращения расходов на профессиональные клубы***

Государство уделяет большое внимание развитию массового спорта.

Во исполнения поручения Главы государства в феврале этого года Правительством утверждены лимиты ежегодного финансирования профессиональных спортивных клубов на уровне 1,2 млрд тенге для футбола и хоккея с шайбой, 450 млн тенге для остальных игровых видов спорта.

Также установлен лимит заработной платы спортсменам игровых профессиональных клубов, финансируемых за счет государственного бюджета, в размере не более 2 млн тенге в год.

В результате расходы бюджета на содержание профессиональных клубов сократилось на 16 млрд тенге, которые направлены на поддержку массового спорта. Часть сэкономленных средств использовано для внедрения государственного спортивного заказа (далее – госзаказ). Госзаказ нацелен на устранение дефицита детских спортивных секций за счет привлечения частных поставщиков. Стоимость занятия полностью оплачивается государством.

Прием заявок, зачисление в секцию, оплата оказанных услуг и регистрация поставщиков ведется онлайн посредством портала [artsport.edu.kz](https://artsport.edu.kz). Операторами госзаказа являются местные исполнительные органы, общая координация и методологическое обеспечение закреплено за МКС.

На сегодняшний день госзаказом охвачено 79 тысячи детей возрастом от 4 до 17 лет. В разрезе регионов наибольший охват в столице (*11 тысяч детей*) и в г. Алматы (*15 тысяч детей*). На финансирования госзаказа в 2021 году в местном бюджете предусмотрено 7,3 млрд тенге. Этот механизм позволяет каждому ребенку бесплатно посещать спортивные секций.

Перед акиматами поставлена задача по поэтапному увеличению охвата госзаказом с учетом возможностей местного бюджета.

В сравнении с 2020 годом на 4,4 млрд тенге сокращено финансирование команд профессионального спортивного клуба «Астана»: ФК «Астана», БК «Астана», ХК «Барыс», велокоманда «Astana Premier Tech».

В целях развития местных спортивных кадров действуют лимиты на легионеров в национальных футбольных и хоккейных лигах.

Согласно регламенту чемпионата Казахстана по футболу среди клубов премьер-лиги на 2021 год в составе каждой команды могут одновременно

находиться на поле не более 6-ти иностранных игроков (за исключением граждан государств-участников ЕАЭС).

На основании Регламента Чемпионата Казахстан по хоккею сезона 2021/2022 при заявке на матч 2 вратарей и 20 полевых игроков должно быть заявлено не более 11 легионерами.

За второй квартал 2021 года по республике проведено более 8 тысяч спортивно-массовых мероприятий с охватом 397 тысячи человек, в том числе в сельской местности более 5 тысяч мероприятий.

***Касательно повышения профессионального уровня тренеров***

С 2016 года научно-методическая и учебная работа в сфере спорта осуществляется подведомственной организацией МКС РГКП «Республиканский учебно-методический и аналитический центр по физической культуре и спорту» (далее – предприятие). Предприятие проведит курсы повышения квалификации для тренеров, методистов и руководителей спортивных организаций.

Всего за 2016 – 2021 годы предприятием организовано 80 курсов с охватом 3 899 человек. Курсы нацелены на повышение квалификации специалистов (64 %) детско-юношеских спортивных школ.

Наряду с этим, к проведению курсов привлекаются зарубежные эксперты. Также главные и старшие тренера национальных сборных команд регулярно выезжают в заграничные командировки для обмена опытом о повышения мастерства.

В целом, изложенные в депутатском запросе предложения, будут учтены в работе по развитию сферы спорта.

---